		<p><b>Зерттеу қызметі</b>  Кұмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау.</p> <p><b>Еңбек</b>  Ойын алаңын тазалау.  <i>Мақсаты:</i>  <i>бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.</i></p> <p><b>Қимылды ойын</b>  «Итеріспек».  <i>Мақсаты:</i>  — Белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру;  — Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p><b>Жаттығу ойыны</b>  Қимылдарын дамыту.  <i>Мақсаты:</i> оң және сол аяқпен секіруге жаттықтыру.</p>			
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (<b>дербес ойын әрекеті</b>).</p>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Торай ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру, салыстыру (үлкені кіші)  <b>Математика негіздері</b>  Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттер таңдау. Ертегі желісі бойынша сюжеттік сурет салу  <b>Сурет салу</b>  сюжеттік мүсіндеу.  <b>Мүсіндеу</b>  Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін жапсыру  <b>Жапсыру</b></p>	<p>Үш торай және бауырсақ ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау.  Кітаптарға қарап айту.  <b>сөйлеуді дамыту</b></p>	<p>Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру.  <b>сөйлеуді дамыту</b>  Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасау.  Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру жұмыстарын орындау  <b>сурет салу, мүсіндеу, жапсыру</b></p>		
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>Бүгінгі ұйымдастырыл</p>	<p>Үйде баланың өзі</p>	<p>Баланың бүгінгі жетістігі, бала</p>		

	ған іс- әрекеттерде балалардың ерекшеліктері н айту	киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.		
--	---	--	---	--	--






**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Наурыз айы 2023 жыл 1 апта**

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі</b> <b>06.03.2023ж</b>	<b>Сейсенбі</b> <b>07.03.2023ж</b>	<b>Сәрсенбі</b> <b>08.03.2023ж</b>	<b>Бейсенбі</b> <b>09.03.2023ж</b>	<b>Жұма</b> <b>10.03.2023ж</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, денсаулығын тексеріп қарсы алу		Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу	Қызыл жүрекшемен қарсы алу
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау		Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
<b>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,</b>	Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құюға	Дидактикалық ойын: «Түрлі-түсті гүлдер».		Дидактикалық ойын: «Көктем суретін құрастыруі» <b>Шығармашылық дағдылар</b>	Музыка тыңдау шаттану. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су


<b>бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	көмектесіп бақылау. <b>Әлеуметтік дағдылар</b>	Танымдық дағдылар			құюға көмектесу. <b>Шығармашылық дағдылар</b>
<b>Таңертенгі жаттығу</b>	<b>Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. <b>Сөйлеуді дамыту. Коммуникативтік дағдылар</b>				
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Дене шынықтыру</b> Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы,	<b>Музыка</b> Ересектердің орындауында ағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.  Музыкалық шығарманың көркем құралдары н: дауысы		<b>Қазақ тілі</b> Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.	<b>Дене шынықтыру</b> Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы,


	<p>шеңбердегі өз орнын табуға үйрету</p> <p><b>«Ортамызда кім жоқ»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> жасалған қимылдан эмоционалық жағымды әсер алуын дамыту</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы орамалды баланың біреуінің үстіне жабады-да</p>	<p>(ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұнды, көңілді ) байқауға үйрету «Ақ мамам» әні</p>			<p>шеңбердегі өз орнын табуға үйрету</p> <p><b>Төгілген жіптерді жылдам жина</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> жіп орамын ұстап орау арқылы қол қимылын дамыту</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді. Тәрбиеші ортаға бірнеше үлкен орама жіптерді тарқатып тастап, бірнеше балаға ораманы алап жіптің ұшына</p>
--	---	---	--	--	---

	<p>балалардан сұрайды, ортамызда кім жоқ?</p> <p>Тәрбиеші орамалды баланың үстінен көтеріп алып , баланың атын айтады.</p> <p>Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.</p>				<p>жеткенше орап кел деп, өзі жіптің басын ұстап отырады. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.</p>
	<p>Ертеде – Айша, Әлия ж әне Әнел деген үш қыз өмір сүріпті. Айша – ең ұзыны, Әлия - оң жақта тұр,</p>	<p>Аналар суретіне деген сүйіспеншілік ілулі тұрған ана,әжелердің суреттеріне мұқият</p>		<p></p> <p>Анаммен ойнаймын</p> <p>Самокаттың оң және сол бағытын анықтау</p>	<p>Жануарлардың да аңдардың да құстардың да анасы болатынын білесіңдер иә,</p> <p></p>

	<p>Әнел сол жақта тұр. Қыздардың қайсысының бойы қысқа? Ең ұзын қыздың аты кім? Айшадан қысқа қыздың аты кім? Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p>	<p>қарап, олардың кімді көріп тұрғандарын айтып берулерін сұрайды. -Сендерді кім ұйықтатады? -Сендерді кім еркелетеді? -Сендерді кім жылы сөз айтып жұбатады? -Сендер бәрінен кімді ерекше жақсы көресіңдер? -Кім аналар мерекесі туралы біледі? -Бұл мерекеге сендердің</p>		<p>өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру <b>Математика негіздері,</b> Аялап алақан, Әлпештеп өсірген. Аяулы жан анам Қатемді кешірген. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. мәнерлі, мағыналы, эмоционалды түрде</p>	<p>бауырсақтың оң және сол жағында кім тұр? Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. <b>Сөйлеуді дамыту</b></p> 
--	--	--	--	--	---

	<p>Сөйлеуді дамыту</p>  <p>оң жақтағы өсімдіктерді қызыл түспен сол жақтағы өсімдіктерді жасыл түспен қорша</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысу, математика негіздері</b></p> <p>Алақанды соғайық. Оң жақтағы балаға, Шапалақты соғайық. Сол жақтағы</p>	<p>отбасыларың қалай дайындалады ?</p> <p>Бұл балалардың өз ойларын бөлісуге, қуаныш сезімдерін білдіруге мүмкіндік беру</p> <p><b>.Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу</b></p> <p>Ана мен бала аңыз әңгіме театрландырылған әрекеттің басқа да жұмыс түрлерін(сау сак, үстел үсті,</p>		<p>жатқа айтуға үйрету</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b></p> <p><b>Анашыммен гүл отырғызамын ойыны</b></p> <p>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану, <b>Қоршаған ортамен танысу</b></p>	<p>Ұл баланың оң және сол жағында не тұр, бағытын түсіндір.</p> <p><b>Математика негіздері</b></p>  <p>Анашыма көмек, оң жақтағы өсімдіктерді ата, Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру</p> <p><b>Қоршаған ортамен</b></p>
--	---	--	--	--	--

	<p>балаға, Шапалақты соғайық.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>ұжымдық жұмыстарды орындау, міндеттемелерд і өзара бөлісу</p> <p>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықт ы сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру</p>	<p>көлеңкелі және тағы басқа) меңгерту.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p>  <p>Анама сыйлық Ермексайдан гүл жасау.</p> <p><b>Мүсіндеу</b></p> <p>Анамның аялы алақаны элементтерді ң пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере</p> <p><b>Дәстүрден</b></p>			<p><b>танысу,матема тика негіздері</b></p>  <p>анашыма сурет арнаймын</p> <p>Оң жақта тұрған жануарларды бояу, жануарлардың суретін салу дағдыларын жетілдіру</p> <p><b>Сурет салу</b></p>
--	--	--	--	--	---

	<p>дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Шығармашылық дағдылар</b></p> <p>Анаға арналған би ойыны</p> <p>Оң қол сол қол оң аяқ сол аяқпен билеу, оң мен солды ажырату</p> <p><b>Математика негіздері, музыка</b></p>	<p><b>тыс сурет салу</b></p>  <p>Анашыммен балықтарды бояймыз, оңға қарай жүзіп бара жатқан балықтарды сары, солға қарай жүзіп бара жатқан балықтарды көк түске бояу, оң және сол бағытын ажырату,</p> <p><b>Математика негіздері</b></p>			
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. <b>(мәдени-</b></p>				



	<b>гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b>				
<b>Серуенге дайындық</b>	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
<b>Серуен</b>	<p><b>Жеңіл көліктерді бақылау</b>  <b>Мақсаты:</b>  автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.  <b>Бақылау барысы</b>  <b>Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға»</b>  <b>Е.Елубаев</b>  Бұзба көше тәртібін,  Ұрынасың апатқа.  Қызықты өтсін әр күнің,  Жақын болма шатаққа.  Көшеден өтер кезінде,  Абайлап қара жан-жаққа,  Келе жатқан көлікке,  Жол бер, өтсін, асықпа!  Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:  ♦ Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер?  ♦ Барлық көліктерді қандай топтарға</p>	<p><b>Жеңіл көліктерді бақылау</b>  <b>Мақсаты:</b>  автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.  <b>Бақылау барысы</b>  <b>Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға»</b>  <b>Е.Елубаев</b>  Бұзба көше тәртібін,  Ұрынасың апатқа.  Қызықты өтсін әр күнің,  Жақын болма шатаққа.  Көшеден өтер кезінде,  Абайлап қара жан-жаққа,  Келе жатқан көлікке,  Жол бер, өтсін, асықпа!  Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:</p>	<p><b>Ағаштарды бақылау</b>  <b>Мақсаты:</b> ағаштар туралы білімдері кеңейту, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.  <b>Бақылау барысы</b>  Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру. Ағаштарға қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу.  Өңгімелесу:  - Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін)  - Ағаштар неге қыста өспейді?  - Ағаш тамырлары қалай қыстайды?  - Ағаштарға қыс мезгілі керек пе?  - Ағаштар қыста неге тоңбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады)  Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау.  <b>Көркем сөз «Аядым» М. Әлімбаев</b></p>	<p><b>Ағаштарды бақылау</b>  <b>Мақсаты:</b> ағаштар туралы білімдері кеңейту, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.  <b>Бақылау барысы</b>  Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру. Ағаштарға қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу.  Өңгімелесу:  - Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін)  - Ағаштар неге қыста өспейді?  - Ағаш тамырлары қалай қыстайды?  - Ағаштарға қыс мезгілі керек пе?  - Ағаштар қыста неге тоңбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады)  Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау.  <b>Көркем сөз «Аядым» М. Әлімбаев</b></p>	<p><b>Қарғаларды бақылау</b>  <b>Мақсаты:</b>  - қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру.  - қарғалардың тіршілігін бақылау  - құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу  <b>Бақылау барысы</b>  Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.  Қара түсті қарқылдақ,  Ұшып, қонып жалпылдап.  Қоқыстарды шоқиды,  Жем іздейді там-тұмдап. (қарға)  <i>Қарға қыстап қалатын құс. Ол өзінің азығын қоқыстардан теріп жейді. Халық қарғаның іс-әрекетіне қарап ауа-райын болжаған. Егер қарға айналып ұшса аяз болады, қарға қарқылдаса қар жауады, егер</i></p>

<p>бөлуге болады? (жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер) ◆ Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? (ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды) ◆ Көліктердің қандай пайдасы бар? (адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарды) ◆ Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? (таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады) ◆ Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? (Жүк машиналары) ◆ Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен? ◆ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек? <b>Еңбек</b> Ауланы бірлесе отырып тазалау. <b>Мақсаты:</b> — бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке</p>	<p>◆ Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер? ◆ Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? (жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер) ◆ Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? (ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды) ◆ Көліктердің қандай пайдасы бар? (адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарды) ◆ Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? (таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады) ◆ Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? (Жүк машиналары)</p>	<p>Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау. <b>Көркем сөз «Аядым»</b> <b>М. Әлімбаев</b> Жауған күні қар алғаш, Ағаштарды аядым. «Тоңбасын»- деп бұл ағаш, Орап қойдым аяғын. <b>Балаларға сұрақтар.</b> ◆ Ағаштардың қандай пайдасы бар? ◆ Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар) <b>Зерттеу жұмысы</b> Жазда бұта өскен жердегі қарды терендетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді. <b>Еңбек</b> Жауған қарды ағаш түбіне үю. <b>Мақсаты:</b> ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.</p>	<p>Жауған күні қар алғаш, Ағаштарды аядым. «Тоңбасын»- деп бұл ағаш, Орап қойдым аяғын. <b>Балаларға сұрақтар.</b> ◆ Ағаштардың қандай пайдасы бар? ◆ Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар) <b>Зерттеу жұмысы</b> Жазда бұта өскен жердегі қарды терендетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді. <b>Еңбек</b> Жауған қарды ағаш түбіне үю. <b>Мақсаты:</b> ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. <b>Қимылды ойын</b> «Кім ағашқа бұрын жетеді?».</p>	<p>Жауған күні қар алғаш, Ағаштарды аядым. «Тоңбасын»- деп бұл ағаш, Орап қойдым аяғын. <b>Балаларға сұрақтар.</b> ◆ Ағаштардың қандай пайдасы бар? ◆ Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар) <b>Зерттеу жұмысы</b> Жазда бұта өскен жердегі қарды терендетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді. <b>Еңбек</b> Жауған қарды ағаш түбіне үю. <b>Мақсаты:</b> ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. <b>Қимылды ойын</b> «Кім ағашқа бұрын жетеді?».</p>	<p>қарға таңертең ағаштың басында отырса бұрқасын болады деп санаған және ол рас болған. <b>Көркем сөз «Қарға»</b> <b>С. Сейфуллин</b> Қарға, қарға, қарғалар, Көзден жасы сорғалар. Қар үстінде жорғалар. Қар үстінде жем көрсе, Боран соқса қор болар, Қапелімде қолға алар. Бұтаға келіп қорғалар. Екі шоқып, бір қарар, Қысып кетсе сары аяз, Деп «жолымды» оңғарар. <b>Зерттеу жұмысы</b> Балабақша ауласынан құстар ізін іздеу, салыстыру <b>Еңбек</b> Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу. <b>Мақсаты:</b> бірлесе еңбек етуге баулу. <b>Қимылды ойын</b> «Пингвиндер доп ойнап жүр». <b>Мақсаты:</b> екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу. <b>Жаттығу</b></p>
---	--	--	---	---	--

	<p>тәрбиелеу; — жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету. <b>Қимылды ойын</b> «Бағдаршам». <i>Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.</i> <b>Жаттығу ойындары</b> Ұзындыққа секіру . <i>Мақсаты:</i> Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету.</p>	<p>◆ Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен? ◆ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек? <b>Еңбек</b> Ауланы бірлесе отырып тазалау. <i>Мақсаты :</i> — бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу; — жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету. <b>Қимылды ойын</b> «Бағдаршам». <i>Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.</i> <b>Жаттығу ойындары</b> Ұзындыққа секіру . <i>Мақсаты:</i> Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету.</p>	<p><i>Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту.</i> <b>Жеке жұмыс:</b> «Затты тап». <i>Мақсаты:</i> — Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу.</p>		<p><b>ойындары</b> Қозғалыстарын дамыту. <i>Мақсаты: нысанаға доп лақтыра білу дағдыларын дамыту.</i></p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ( дербес ойын</p>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>әрекеті).</b> Анама арналған оюлар Оң жақта тұрған оюларды қызыл түске Сол жақта тұрған оюларды көк түске Ортасында тұрған оюларды сары түске боя. <b>Сурет салу «Жылы сөз айту» ойыны.</b> Тәрбиеші Ойыншық көжекті көрсетеді.Көже к балалардан анасы жұмыстан келгенде,оны</p>	<p> Анаға сый Қағаздан 3 д сыйлық жасау <b>Жапсыру әрекеті</b> Өз анасы жайлы сұрау</p>		<p> Кірпінің анасының үстіне ермексазды орналастыру кеңістікте орналасуын атау <b>Жапсыру, Мүсіндеу,</b> Анама арналған кеудеше элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастыру; қазақ оюларының кейбір элементтерін салу;<b>Сурет салу</b></p>	<p>Анамен бірге доп ойнаймыз ойыны Доптың ішіне ермексазды орналастыр <b>Мүсіндеу,жапсыру</b> <b>Желілі-рөлді ойын: «Қызы мен анасы»</b> Аналары балаларына қалай қамқорлық көрсететінін естеріне түсіру арқылы ,балаларды рөлдерге бөліп ойнауға шақырады. Тәрбиешінің көмегімен балалар қуыршаққа</p>
---	--	---	--	---	---

	<p>қалай қарсы алу керектігін үйретуді сұрайды. Балалар қуыршақтарын айтқан сөздерін естеріне түсіреді, көжекке көмектеседі.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>				<p>жылы сөз айтып, ойнайды. Мыс;» Ботқа қандай дәмді, жей ғой қызым, сен менің сүйікті, ең әдемі қызымсың, жүр, киініп серуендеп келейік...»</p> <p>- Балалар, сендер аналар туралы әнді ұмытып қалған жоқсыңдар ма?</p> <p>- Жарайды, онда өзіміз үйренген «Ақ мамам» әнін бәріміз бірге айтып, үйренейік.</p>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналарға кеңес үйде	Психолог кеңесі. (Жеке		Кеңес: Бала өміріндегі	Баланың дамуы жайлы әңгіме.

	ойын бұрышын ұйымдастыру.	балаларға)		ойыншықтың маңызы.	
--	------------------------------	------------	--	-----------------------	--

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Наурыз айы 2023 жыл 2 апта**

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі 13.03.2023ж</b>	<b>Сейсенбі 14.03.2023ж</b>	<b>Сәрсенбі 15.03.2023ж</b>	<b>Бейсенбі 16.03.2023ж</b>	<b>Жұма 17.03.2023ж</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу	Адай күйімен қарсы алу	Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу	Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу	Қызыл жүрекшемен қарсы алу
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
<b>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау</b>	Сюжетті рөлдік ойындар. «Гүлдер дүкені». <b>Коммуникативтік дағдылар</b>	Суретті кітапшаларды бояу, гүл құрастыру мазайка және т.б <b>Шығармаш</b>	Дидактикалық ойын: «Гүлдерді жинау» <b>Танымдық дағдылар</b>	Дәстүрден тыс әдіс гүлді бастыру арқылы салу. <b>Шығармашылық дағдалар</b>	«Қайсысы артық», сыңарын тап. <b>Танымдық дағдылар</b>

және тағы басқа әрекеттер)		ылық дағдылар			
Таңертенгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Келесі дағдыларды қалыптастыру:1) ересектер дайындаған ірі және өте ұсақ ою элементтерін орналастыру және жапсыру; 2) шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыру;3) пішінін, түсі мен көлемін, ескере отырып, заттар мен ою-өрнектерді орналастыру; 4) геометриялық элементтерден өрнек құрастыруға үйрету. <b>Жапсыру</b>				
Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеу мен қазақби қимылдарының қарапайым элементтері н орындау, ойындарда таныс би қимылдары</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға</p>	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз</p>



	<p>Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету</p> <p><b>Торғайлар</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> еліктеп торғай қимылын жасауды үйрету- қолын екі жанына жайып жан жақа тарап, баяу, жылдам жүру, жүгіруді , отырып саусақтарын еденге тигізуді, алақандарын қосып бетіне қойып, басын қисайтуды жетілдіру</p>	<p>н қайталау. «Көктем, көктем, көктемде» әні</p>	<p>үйрету</p> <p><b>Жалауға қарай жүгір</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Қатарға тұруды қалыптастырып ,жан-жаққа тарап жүруді дамытып, кеңестікте белгіге қарап қақтығыспай жүгіруді үйрету</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы жалауды жоғары көтереді. Балалар</p>		<p>орнын табуға үйрету</p> <p><b>Автобус</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Қатарға тұруды қалыптастырып, баяу және жылдам жүруді дамыту</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісі. Қалғандары жолаушылар. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі баяу, кейін жылдам,</p>
--	--	---	--	--	--

	<p><b>Ойын барысы:</b>  Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі торғай болып көрсетеді. Тәрбиеші «Торғайлар ұшады!» деп барлық балармен қолын екі жанына созып, сермеп ұшады. «Торғайлар жерге қонып, жем тере бастады деп» барлық балаларды өз орындарында тоқтатып,</p>		<p>тәрбиешінің қасына жиналады Жалауды қайта түсіргенде балалар жан-жаққа тарап кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанған соң, бір бала жалауын көтеріп жүреді, басқа балалар соңынан еріп жүреді. Ойын басынан қайталана береді.</p>		<p>жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады.</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>отырып, саусақтарымен еденді түрткізеді.Сода нсоң торғайлар ұйқтады деп, екі алақанын бетінің бір жағына қойып, басын қисайтып, көзін жұмады.Тәрбие шінің осы қимылдарды қайта бастауымен ойын жалғасады</p>				
	<p>Салт-дәстүр дегеніміз- белгілі бір рәсім,әртүрлі жағдайларға арналған</p>	<p>-Бір тамаша әңгіме тыңдағылары н келеді ме?  Қуыршақ театры арқылы</p>	<p>Атым – қазақ, текті батыр ұланбыз, Қадірлейміз қазағымның мұрасын.</p>	<p>Балалар, (суретке назар аударып) ал осы салт - дәстүрді кім біледі? Біз бүгін жаңа салт - дәстүрмен танысамыз.</p>	<p>- Бүгін зерек болып, алғырлық танытқан балаларға мына оюлар сыйға беріліп отырады. Алдын ала</p>

	<p>ұлттық мағынадағы елеулі кезеңдер.</p> <p><i>Демонстрациялық материалдармен жұмыс.</i></p> <p>Суреттерге назар аудару.</p> <p>-Мына суретте жаңадан туған нәрестені бісікке бөлеп жатыр.Бұл-қазақ халқының ежелден келе жатқан «бісікке бөлеу» дәстүрі.Суретте н тағы нені байқауға болады?</p>	<p>көрсету.</p> <p>Бұрынғы өткен заманда бір жас жігіт өз бақытын табу үшін әлемді шарлап іздеуге шығады. Айлар,жылдар өз бақытын іздейді көптеген елдерді, қалалардан өтеді,өз бақытын еш жерден таба алмайды. Бір күндері еліне қайтпақшы болады, бірақ қайтып баратын жолды ұмытып</p>	<p>Әдептілік – сұлулық пен теңдессіз, Дәріптейміз ата дәстүр бұлағын.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Кел танысайық ойыны</b></p> <p>Кез- келген тұрмыстық заттардың (асхана аспаптары, музыкалық аспаптар немесе киімдер) нобайын орындап, таныстыру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысу</b></p> <p><b>Топтастыр</b></p>	<p>Тосын сәт: Қонаққа әже келеді.</p> <p>Әже: — Сәлеметсіңдер ме балақандарым. Тәрбиеші: — Балаларым ,келіңдер мына бесіктің жанына отырыңдар. Мынау бесік деп аталады. Бесікті таза ағаштан жасайды. Мен сендерге Асылжан бөпені бесікке қалай бөлеу керек екенін Әжеміз көрсетсің .Сендер мұқият қарап отырыңдар. Бәрің де осы бесікте жатып,өскенсіңдер. Әже: Ең алдымен бесіктегі баланың бас жағына жұмсақ жүннен жасалған жастық саламыз. Ал мынау бөпенің үстіне жамылатын көрпесі.</p>	<p>педагог дайындаған «Ботагөз», «Қошқармүйіз», «Құс қанаты», «Қызғалдақ» оюлары сұраққа жауап берген әр балаға беріліп, сабақ соңында кімде қанша ою бар екені анықталып, сол арқылы «ең зерек бала» аталынып, марапатталатынын айтады.</p> <p>Мына суретке қараңдаршы, не көріп отырсыңдар? — Бұл суретте Наурыз тойын тойлап жатыр. Наурыз – жыл басы, бұл күні күн мен түн теңеледі,</p>
--	--	---	---	--	--

	<p>Анасы кішкентай баланы бесікке бөлеп, ұйықтату үшін «бесік жырын» айтады. Сендердің аналарың ұйықтатар алдында қандай бесік жырын айтады?</p> <p>Ежелгі салт-дәстүр бойынша қазақ халқы жаңа жылды наурыздың 22 күні қарсы алған екен. Бұл күнді «Наурыз мерекесі» деп атайды. Наурыз мерекесіне ел-жұрт ерекше дайындық</p>	<p>қалады. Тастың үстіне отырып, басын төмен түсіріп жылап отырады. Бір сәтте жаңына бір қария кісі келеді.</p> <p>-Неге жылап отырсың? Қайда тұрасың?</p> <p>-Білмеймін өте алыста тұрамын.</p> <p>-Елін қалай аталады?</p> <p>-Білмеймін,</p> <p>-Мен саған көмектесе аламын, егер сен өз елінің халық әнін,</p>	<p><b>ойыы</b></p> <p>Біреу және көп заттарды ажырату, заттардың кеңістікте орналасу ретін анықтау.</p> <p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Анимациялық ойын ұлттық ыдыстар</b></p> <p>Ұлттық ыдыстарды көлеңкесімен сәйкестендіру атын атау. <b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p>Нүктелі сурет салу әдісімен</p>	<p>Мынау белбеуі, бала құлап қалмас үшін белінен және аяқ тұсынан осы белбеумен байлап қояды. Бесікті бала ұйықтағанда шошып-қорықпау үшін сіріңкемен аластаймын. (бесікті аластайды) «Алас-алас, пәледен алас, Иесі келеді, пәледен қаш! Алас-алас, пәледен алас Көзі жаманның көзінен алас Тілі жаманның тілінен алас, Отсыз омыртқасынан алас» -Балалар, қараңдаршы бесіктің де, төсеніштің де ортасы ойылып алып</p>	<p>мерекеде адамдар бір-бірінің үйіне қонаққа барып, ер адамдар төс қағыстырып, палуандар күресіп, жастар алтыбаққан тебеді, наурыз көже пісіреді, қарт аталар баталарын береді, өлең айтып, би билеп тойлайды. Наурыз мерекесінде дастарханымыз ұлттық тағамдарға толады. Әжелеріміз жеті түрлі дәм салып наурыз көже пісіреді. <b>Қоршаған ортамен танысу</b> Ойын:</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>жасайды. Осымен қатар, мерекеде әжелеріміз салт-дәстүрлерді жасап, түсіндіреді. Қазақтың салт-дәстүрлеріне мыналар жатады: шілдеhana, ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесер, тіл ашар және т.б. оларға жеке тоқталу үшін суреттерге назар аударыңдар! <i>«Бесікке бөлеу» ойыны</i> Педагог алдын ала дайындаған қуыршақты, бес</p>	<p>салт-дәстүрін айтып берсен? -Жігіт абыржып қалады, өз елі туралы ештеңе есіне түсіре алмайды, ойланып атаға өз сөмкесін ұсынады. -Міне қараңыз бұл заттарды мен өзімен үнемі жол бойы алып жүрдім.- Балалар қараңдаршы, әдемі қоржында қай елдің заттары бар екен.</p>	<p>кесенің суретін салу. <b>Дәстүрден тыс сурет салу</b> Ұлттық ойын қалауыңыз бойынша. <b>Дене шынықтыру</b></p>	<p>тасталған екен. Себебі сол жерде түбегі тұрады. Ал мынау шүмегі, осы шүмек арқылы баланың кіші дәреті түбекке құйылып, баланың денесі былғанбай таза болады. <b>Қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту</b></p>	<p>«Ханталапай» Тәрбиеші: Мен сендерге ойынның шартын түсіндіремін. Мына үлкен асық бұл ерекше асық (сақа). Бұл хан болады. Ал кішкентай асықтар уәзірлер. Мына асықтарды ортаға шашамын. Сол асықтармен бірге ханды алған бала жеңімпаз болады. Асықтың кеңістікте орналасуын анықтайды.  Математика негіздері  Бүгінгі ел ішінде , Дәстүрді жалғастырған.</p>
--	--	---	---	---	---

	<p>ікті алып шығады. Бір қызды қасына шақырады. Бесік жырын айтады:  -Менің балам қайда екен?  Асқар-асқар тауда екен.  Тауда неғып жүр екен?  Алма теріп жүр екен.</p> <p>Алмасынан, кәні еки,  Жаңа теріп жүр екен.  Қызыл алма қолында,  Қыздар оның соңында.  -«Бесікке</p>	<p>Бұл не?  -Қоржың  -Қоржын өрнек  -Торсық  -Тостаған  -Қасық  - Кесе т.б  -Балалар қай елдің заттары екен? Біз барлығымыз жігітке Өз Отаның, салт-дәстүрін еске түсіруіне көмектесейік.</p> <p>Дидактикалық ойын:  «Заттарды дұрыс орналастыр»  Балалар екі топқа</p>			<p>Ей, менің асқар туым,  Қазақы дастарханым.  <b>Көркем әдебиет</b></p>
--	---	---	--	--	--

	<p>бөлеу»- кішкентай бала үшін өте маңызды.Балан ың сымбатты,дене сі түзу болып өсуі үшін ата-бабаларымыз баланы бесікке бөлеген. -Келесі суретте не бейнеленген? Бесікте жатқан бала өсті,тәйтәйләп жүре бастады.Енді көп құламай тез жүріп кетсін деп,ол баланың тұсауын кеседі. Адал,шыншыл бала болсын деп,тұсауын</p>	<p>бөлінеді. 1-топ – «40 - шығару» салт - дәстүріне қажетті заттарды алады, суреттің қасына қояды. 2- топ – «Тұсау кесу». Тәрбиеші: - «Тұсау кесу» дәстүрін өткізу үшін қандай заттар керек? Балалар: - қайшы, түсті жіптер <b>Қоршаған ортамен</b></p>			
--	--	---	--	--	--




	<p>«ала жіппен» кеседі.Қазақ халқында «Біреудің ала жібін аттама» деген мәтел бар.Оның мағынасы- ешқашан өтірік айтпай,ұрлық жасамай,үлгілі, өнегелі азамат болып өссін дегенді білдіреді. -Жаңағы кішентай бала өсіп,5-6 жасқа келді.Үлкендер оған жеке тай атап,ашамай (тайға арналған кішкентай ер- тоқым) істеп,қамшы</p>	<p><b>танысу,көрк ем әдебиет,сөйл еуді дамыту</b></p>			
--	---	---	--	--	--

	<p>өріп, «Сен азамат болдың» деген сезім ұялатып, үйреті лген жуас тайға әсем ашамай ерттеп мінгізіп, жүргізе ді. Осы қуанышта атасы: Ал ақ тілек, ақ тілек Атқа тоқым сал білек. Атта жақсы шаба біл, Өнеге, өнер таба біл, Аймағыңа жаға біл. Атқа міндің, ақ жол болсын! - деп бата береді. <b>Қоршаған</b></p>				
--	--	--	--	--	--

	<b>ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеу ді дамыту</b>				
<b>Таңғы ас</b>	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b>				
<b>Серуенге дайындық</b>	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
<b>Серуен</b>	<p><b>Қарғаларды бақылау</b>  <b>Мақсаты:</b>  - қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру.  - қарғалардың тіршілігін бақылау  - құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу</p> <p><b>Бақылау барысы</b>  Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Қара түсті қарқылдақ, Ұшып, қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды,</p>	<p><b>Қар ұшқындарын бақылау</b>  <b>Мақсаты:</b>  — Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару;  — Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту..</p> <p><b>Бақылау барысы</b>  <b>Көркем сөз «Суретші қыс» К. Нүсіпов</b>  Қонақтайды бақтарға, Ақ көбелек, ақ мамық. Аунап таза ақ қарға,</p>	<p><b>Қар ұшқындарын бақылау</b>  <b>Мақсаты:</b>  — Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару;  — Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту..</p> <p><b>Бақылау барысы</b>  <b>Көркем сөз «Суретші қыс» К. Нүсіпов</b>  Қонақтайды бақтарға, Ақ көбелек, ақ мамық. Аунап таза ақ қарға,</p>	<p><b>Күн мен түн неге ауысады?</b>  <b>Мақсаты:</b> Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру.</p> <p><b>Бақылау барысы</b>  Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналу уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады.</p> <p><b>Балаларға сұрақтар.</b>  ♦ Жұлдыздар түнде қайда кетеді? <i>(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек</i></p>	<p><b>Күн мен түн неге ауысады?</b>  <b>Мақсаты:</b> Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру.</p> <p><b>Бақылау барысы</b>  Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналу уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады.</p> <p><b>Балаларға сұрақтар.</b>  ♦ Жұлдыздар түнде</p>

<p>Жем іздейді там-тұмдап. (қарға)</p> <p><i>Қарға қыстап қалатын құс. Ол өзінің азығын қоқыстардан теріп жейді. Халық қарғаның іс-әрекетіне қарап ауа-райын болжаған. Егер қарға айналып ұшса аяз болады, қарға қарқылдаса қар жауады, егер қарға таңертең ағаштың басында отырса бұрқасын болады деп санаған және ол рас болған.</i></p> <p><b>Көркем сөз</b> <b>«Қарға»</b> <b>С.Сейфуллин</b> Қарға, қарға, қарғалар, Көзден жасы сорғалар. Қар үстінде жорғалар. Қар үстінде жем көрсе, Боран соқса қор болар, Қапелімде қолға алар. Бұтаға келіп қорғалар. Екі шоқып, бір қарар, Қысып кетсе сары аяз, Деп «жолымды» оңғарар.</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Балабақша ауласынан құстар ізін іздеу,</p>	<p>Балалар жүр мақтанып. Тазарып бар кір, шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет сала бастады. Балаларға сұрақтар:</p> <p>◆ Жауған қар қандай? ◆ Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай? ◆ Жақсылап қарандаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?.</p> <p>Д/О: «Ұқсас өрнекті тап». Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Алақандағы қар неге ериді? Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не</p>	<p>◆ Жауған қар қандай? ◆ Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай? ◆ Жақсылап қарандаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?.</p> <p>Д/О: «Ұқсас өрнекті тап». Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Алақандағы қар неге ериді? Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады? Еңбек: Қардан қамал тұрғызу</p> <p>Мақсаты:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу;</li> <li>- Бастаған істі аяқтауға үйрету.</li> </ul> <p><b>Қимылды ойын</b> «Екі аяз» Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет ете білу және назар аударуға білу дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Жаттығу ойындары</b> «Байқап өт».</p> <p>Мақсаты: заттар арасынан, оларды</p>	<p>күннің жарығын жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)</p> <p>◆ Күн неге батады? (жер күнді айналады, сонықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады. Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа).</p> <p><b>Еңбек</b> Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару. Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимылды ойын</b> «Жердің күнді айналуы». Мақсаты: күн туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Жаттығу ойындары</b> Қимылдарын дамыту «Шығырыққа лақтыру». Мақсаты: мергендіктерін дамыту.</p>	<p>қайда кетеді? (жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)</p> <p>◆ Күн неге батады? (жер күнді айналады, сонықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады. Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа).</p> <p><b>Еңбек</b> Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару. Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимылды ойын</b> «Жердің күнді айналуы». Мақсаты: күн туралы білімдерін бекіту.</p>
---	--	---	---	---

	<p>салыстыру</p> <p><b>Еңбек</b> Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу. <i>Мақсаты:</i> бірлесе еңбек етуге баулу.</p> <p><b>Қимылды ойын</b> «Пингвиндер доп ойнап жүр». <i>Мақсаты:</i> екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу.</p> <p><b>Жаттығу ойындары</b> Қозғалыстарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> нысанаға доп лақтыра білу дағдыларын дамыту.</p>	<p>пайда болады? Еңбек: Қардан қамал тұрғызу Мақсаты:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу;</li> <li>- Бастаған істі аяқтауға үйрету.</li> </ul> <p><b>Қимылды ойын</b> «Екі аяз» <i>Мақсаты:</i> тәрбиеші белгісі бойынша әрекет ете білу және назар аудару білу дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Жаттығу ойындары</b> «Байқап өт». <i>Мақсаты:</i> заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету.</p>	<p><i>құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету.</i></p>		<p><b>Жаттығу ойындары</b> Қимылдарын дамыту «Шығырыққа лақтыру». <i>Мақсаты:</i> мергендіктерін дамыту.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (<b>дербес ойын әрекеті</b>).</p>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Шығармашылық дағдылар бойынша балалардың қалауымен жүргізілетін жұмыстар</p> <p>Оюлармен кубик ойыны</p> <p>Оюлардың жазықтықта орналасу ретін атап айтады.</p> <p><b>Математика негіздері</b></p>	<p>Тәрбиеші: - «40 Нан шығару» дәстүрін өткізу үшін, қандай заттар керек? Балалар: - леген, су, қайшы, қасық...</p> <p>Қырқынан шығару дәстүріне қажет заттарды жасау, қайшыны ермексаздан жасау, қасықтың суретін салу, леген ыдысқа ою жабыстыру.</p> <p><b>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу.</b></p>	<p>Ұлттық киімдер пазлы.</p> <p><b>Құрастыру әрекеті</b></p> <p>Тақияны әшекелейміз.</p> <p><b>Мүсіндеу әрекеті</b></p> <p><b>Домбыра ойыны</b></p> <p>Домбыраның қандай аспап екенін айту және жабыстыру.</p> <p><b>Жапсыру әрекеті</b></p>	<p>Суретке мұқият қарау, әр түрлі кеңісте орналасқан бесікті қай жерде орналасқанын не ұзын не аласа биік екенін сипаттау.</p> <p><b>Математика негіздері</b></p> <p>Бесіктің суретін бояу, ермексаздан бесік жасау, бесік суретінен пазл құрастыру, бесікке ою жабыстыру.</p> <p><b>Сурет салу, құрастыру, жапсыру, мүсіндеу</b></p>	<p> Қайнар оюын ермексаздан жасау ақ қағазға жабыстыру.</p> <p><b>Мүсіндеу, жапсыру</b></p> <p>Оюдың суретін бояу. <b>Сурет салу</b></p> <p><b>Пазл құрау оюдан</b></p>
--	---	--	--	---	--

<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.
-------------------------------	--	--	---	--------------------------------------	--

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Наурыз айы 2023 жыл 3 апта**

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі</b> <b>20.03.2023ж</b>	<b>Сейсенбі</b> <b>21.03.2023ж</b>	<b>Сәрсенбі</b> <b>22.03.2023ж</b>	<b>Бейсенбі</b> <b>23.03.2023ж</b>	<b>Жұма</b> <b>24.03.2023ж</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу				Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.				Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстаттыны жайлы әңгімелесу
<b>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Көктем туралы тақпақтар жаттау  <b>Көркем әдебиет, коммуникативтік дағдылар</b>				Тіл ұстарту. «Ыс - ыс - ыс, келіп жетті қыс» «Ар - ар - ар, жауып жатыр ақша қар»  <b>көркем әдебиет</b>



<b>Таңертенгі жаттығу</b>	Наурыз айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау. <b>Танымдық дағдылар</b>				
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз</p>				<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға</p>

	<p>орнын табуға үйрету</p> <p><b>Ұшақтар</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Еліктеп көрсетілген қимылды дұрыс орындауды дамыту</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық</p>				<p>үйрету</p> <p><b>Құстың қауырсыны кімге барады.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Еркін қимылын жетілдіріп, жүгіру, бұрылу, бір бірімен қақтығыспау әрекетін қалыптастырып, жылдам қимылдауға дағдыландыру</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала жан</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>бала ұшақ болып ұшады. «Ұшықтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.</p>				<p>– жаққа қашып жүгіреді. Қауырсын ұшып барып, тиген бала орындыққа отырады. Қалған балалармен ойын жалғасады.</p>
	<p>-Орнымызға отырайық. Балалар біз үш топ болып жұмыс жасаймыз, қай топ тәртіпті болып мұқият тыңдап жақсы жауап берсе</p>				<p>Мнемокесте Нан қоқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып кастерлеп,</p>

	<p>сол топқа осындай фишкам берем, қай топта көп фишка болса сол топ жеңімпаз.</p> <p>Келістік пе?</p> <p>Жарайсыңдар.</p> <p>- Ендеше, балалар, нан біздің дастарқанымызға қалай келеді? - деген сұраққа жауап іздеп көрейік.</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысу</b></p> <p>- Балалар, айтыңдаршы күнделікті</p>				<p>Торғайларға тастаңдар!</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Балалар нанды жерге шашпаңдар, аяқпен баспаңдар. Нан өте қадірлі.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Нанды бір қолыңмен үзбе.</li> <li>• Нанды жерге тастама.</li> <li>• Нанмен ойнама, обал болады.</li> <li>• Нанды аяқпен баспа.</li> <li>• Нанды екі қолыңмен үзіп же.</li> </ul>
--	--	--	--	--	---

